**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті**
**2024-2025 оқу жылындағы Оқу-әдістемелік комитет мәжілісінің**
**№7 ХАТТАМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫЛАРЫ**

**Түркістан қаласы** **20 ақпан 2025 жыл**

**Өткізілген орны:** Сенат залы

**Өткізілген уақыты:** 2025 жыл 20 ақпан, сағат– 14:30

**Қатысқандар –** ОӘК мүшелері

**КҮН ТӘРТІБІНДЕ:**

1. 2025-2026 оқу жылында қабылданатын білімгерлер үшін білім беру бағдарламаларының тізімін бекіту *(Баяндамашы: Академиялық департамент директоры – А.М. Бостанова)*;
2. ББ білім алушыларының оқу процесін ұйымдастыруға, сабақ беру сапасына және бағалау саясатына қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында сауалнамалар ұйымдастыру және өткізу *(Баяндамашы: Академиялық департамент директоры – А.М. Бостанова)*;
3. ББ 2024-2025 оқу жылында еліміздегі білім беру бағдарламаларының рейтінгісіне қатысу нәтижелерін талдап, ағымдағы оқу жылында қол жеткізетін нәтижесін жопарлау *(Баяндамашы: Факультет декандары)*;
4. Білім беру бағдарламалық аккредиттеудің ұйымдастырылуы *(Баяндамашы: Академиялық департамент директоры – А.М. Бостанова)*;
5. Әртүрлі мәселелер

5.1. 2024-2025 оқу жылының 2-семестрінде өтілетін ашық (мастер класс, ақылдасу) сабақтарының кестесін бекіту (*Баяндамашы: Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлім басшысының міндетін атқарушы – Қ.А.Полатбекова);*

5.2. 23.01.2024 ж. күні өткен ОӘК №6 отырысының 1.4 шешіміне сәйкес, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 5 қаңтардағы № 4 бұйрығымен бекітілген «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесінің» 2 тармақтың 1 қосымшасына факультеттің оқу-әдістемелік комитет төрағаларының сараптамалық есебі *(Баяндамашылар: Факультет декандары, Факультет төрағалары);*

5.3. Университеттің Академиялық саясатына толықтырулар енгізу туралы *(Баяндамашы: Академиялық департамент директоры – А.М. Бостанова);*

5.4. Білім беру бағдарламаларын ББ реестріне енгізу туралы *(Баяндамашылар: Факультет декандары);*

5.5. Университет ОПҚ дайындаған оқулық, оқу-құралдарын, оқу-әдістемелік құралдары мен нұсқаулықтарын талқылап бекіту *(Баяндамашылар: Факультет төрағалары).*

**Күн тәртібіндегі бірінші мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2025-2026 оқу жылында қабылданатын білімгерлер үшін білім беру бағдарламалары факультет декандарының ұсынысы негізінде тізім бойынша бекітілсін *(жауаптылар факультет декандары, жауапты каф меңгерушілері, ӘЖҰ бөлімі).*

**Күн тәртібіндегі екінші мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

2.1. ББ білім алушыларының оқу процесін ұйымдастыруға, сабақ беру сапасына және бағалау саясатына қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында сауалнама ұйымдастырып өткізуге техникалық қолдау көрсетілсін *(Жауапты: Ақпараттық технологиялар департаменті*);

2.2. Білім алушылардың 100% сауалнамаға қатысуы қамтамасыз етілсін (*Жауаптылар: Факультет декандары, Декан орынбасарлары*);

2.3. Сауалнама нәтижелеріне статистикалық талдау жүргізіліп, алынған мәліметтер факультеттерге жіберілсін (*Жауаптылар: Академиялық департамент, Оқу жұмысын ұйымдастыру бөлімі);*

2.4. Сауалнаманың талдау нәтижелері наурыз айының Оқу-әдістемелік комитетіне дайындалсын *(Жауапты: Академиялық департамент);*

2.5. Білім алушыларды пәнге тіркеу кезінде сауалнама нәтижелері назарға алынсын *(Жауапты: кафедра меңгерушілері);*

2.6. Қажет болған жағдайда сауалнама нәтижелері ПОҚ-на ұсынылсын *(Жауапты: Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімі*).

**Күн тәртібіндегі үшінші мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

3. Факультет декандарының ББ 2024-2025 оқу жылында еліміздегі білім беру бағдарламаларының рейтінгісіне қатысу нәтижелері бойынша талдаулары назарға алынып, әр ББ бойынша Атамекен ҰП рейтинг нәтижелерін жақсарту жол картасы жоспарлансын *(Жауапты: Факультет декандары).*

**Күн тәртібіндегі төртінші мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

4.1. 2024-2025 оқу жылындағы білім беру бағдарламаларын аккредиттеу және постмониторинг жүргізу мәселелері бойынша мәліметтер

назарға алынсын (*Жауапты: бас сарапшы Д.Сунақбаева, орындалу мерзімі 01.03.2025 ж.)*

4.2. Өзіндік бағалау есептерінің толық жәңе сапалы орындалуын қадағалу Академиялық департамент директоры мен факультет декандарына жүктелсін.

**Күн тәртібіндегі әртүрлі мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

5.1 2024-2025 оқу жылының 2-семестрінде өтілетін ашық (мастер класс, ақылдасу) сабақтарының кестесі бекітілсін (*жауапты: Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлім басшысының міндетін атқарушы – Қ.А.Полатбекова).*

**Күн тәртібіндегі әртүрлі мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

5.2. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 5 қаңтардағы № 4 бұйрығымен бекітілген «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесінің» 2 тармағы 1 қосымшасына факультеттің оқу-әдістемелік комитет төрағаларының сараптамалық есептері назарға алынсын *(Жауапты: Факультет декандары, Факультет төрағалары).*

**Күн тәртібіндегі әртүрлі мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

5.3. Университеттің Академиялық саясатына төмендегідей толықтырулар енгізілсін (*Жауапты: Академиялық департамент директоры*):

Академиялық саясаттың 6.7.1 Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау жүйесі тармақшаның 6.7.1.4 пункт төмендегідей толықтырылсын:

Сондай-ақ, «Денсаулық сақтау» даярлау бағыты бойынша 3-курс білім алушыларының білімі мен дағдылары Ұлттық тәуелсіз емтихан орталығы (ҰТЕО) тарапынан тәуелсіз бағаланады.

Тәуелсіз бағалаудан өте алмаған білім алушылар емтиханды қайта тапсыру үшін ҰТЕО сайты арқылы тіркелуі қажет.

Аттестаттаудан сәтсіз өткен жағдайда, білім алушы академиялық үлгермеушілікке байланысты оқудан шығарылады.

Білім алушыны 4-курсқа ауыстыру немесе қайта қалпына келтіру тек ҰТЕО өткізетін тәуелсіз бағалау нәтижесі бойынша берілетін куәлік негізінде жүзеге асырылады.

Академиялық саясаттың 7.4 Білім алушыларды сертификаттау тармақшаның 7.4.7 пунктпен толықтырылсын:

7.4.8 Педагогикалық білім саласындағы түлектер Ұлттық тестілеу орталығында Педагогтің білімін бағалау (Оценка знаний педагога) тестінен өтіп, сертификатталуы міндеттелді.

Академиялық саясаттың **7.7 Білім алушыны оқудан шығару, академиялық демалыс беру** 7.7.1 пунктке төмендегідей өзгеріс енгізіліп, толықтырылсын:

- академиялық үлгермеушілігі (академиялық қарыздары 30 кредиттан асқан жағдайда, факультет деканының ұсынысы негізінде);

- Денсаулық сақтау даярлау бағытының 3-курс білім алушылары «Ұлттық тәуелсіз емтихан орталығының (ҰТЕО)» ұйымдастыруымен аттестаттауды сәтті тапсырмаған жағдайда академиялық үлгермеушілігі себебінен оқудан шығарылады.

**Күн тәртібіндегі әртүрлі мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

5.4. Төменде көрсетілген тізім бойынша білім беру бағдарламалары ББ реестріне енгізілсін *(Жауапты: Факультет декандары)*:

1) 7М01163- Білім беруді басқару (Хажетепе университетімен бірлескен ББ);

2) 6В101-Денсаулық сақтау даярлау бағыты бойынша 6В10173-Мейіргер ісі;

3) 6В101-Денсаулық сақтау даярлау бағыты бойынша 6В10197-Медициналық-профилактикалық ісі;

4) 7М023-Тілдер және әдебиет даярлау бағыты бойынша 7М02314-Шетел филологиясы (түрік тілі);

5) R038/7R01106 - Отбасылық медицина;

6) 6В061 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар бағыты бойынша 6В06182 -Жасанды интеллект және деректерді талдау;

7) 7М051- Биологиялық және сабақтас ғылымдар дайындық бағыты бойынша 7М05107- Биология.

**Күн тәртібіндегі әртүрлі мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

5.5.1. Төмендегі көрсетілген оқу құралдары бекіту үшін кезекті Сенат мәжілісіне ұсынылсын:

5.5.1.1. Дайындық орталығы, «Қазақ, орыс тілдері» бөлімінің оқытушылары С.Д. Джалетова, Г.С. Мұсабекова және «Орыс тілі мен әдебиеті» кафедрасының ф.ғ.к., доценті А.Н. Байтуова дайындаған «Русский язык: элементарный уровень А1 для иностранной аудитории» атты орыс тіліндегі оқу құралы (авторлардың өз қаражаты есебінен);

5.5.1.2. Жоғары оқу орнынан кейінгі медициналық білім беру факультеті, «Ішкі аурулар» кафедрасының PhD, аға оқытушысы Г.З. Абдушукурова мен Ә.Б. Әуелова дайындаған «Синдромальная диагностика в пульмонологии и аллергологии» атты орыс тіліндегі оқу құралы (авторлардың өз қаражаты есебінен);

5.5.1.3. Жоғары оқу орнынан кейінгі медициналық білім беру факультеті, «Ішкі аурулар» кафедрасының PhD, аға оқытушысы Г.З. Абдушукурова, Ә.Б. Әуелова және оқытушы Н.М. Сарманова дайындаған «Пульмонология және

аллергологиядағы синдромдық диагностика» атты оқу құралы (авторлардың өз қаражаты есебінен);

5.5.1.4. Спорт және өнер факультеті, «Дене тәрбиесі және бастапқы әскери дайындық» кафедрасының аға оқытушысы А.Ш. Асанов пен Халықаралық туризм және меймандостық университетінің аға оқытушысы Б.М. Абиев дайындаған «Әскери робототехника» атты оқу құралы (авторлардың өз қаражаты есебінен);

5.5.1.5. Спорт және өнер факультеті, «Бейнелеу өнері» кафедрасының п.ғ.к., доценті Е.Б. Ауелбековтің дайындаған «Мектепте көркем еңбекті оқыту әдістемесі» атты оқу құралы (автордың өз қаражаты есебінен);

5.5.1.6. Жаратылыстану ғылымдары факультеті, «Экология және химия» кафедрасының техн.ғ.к., ХҚТУ профессоры Г.Н. Жылысбаева дайындаған «Элементтер химиясы II: металдар және олардың қосылыстары» атты оқу құралы құралы бекітіліп, баспаға шығаруға және ҚРҒЖБМ-нің грифін алуға Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы Республикалық оқу-әдістемелік кеңесінің Оқу әдістемелік Бірлестігіне (РОӘК ОӘБ) ұсынылсын (автордың өз қаражаты есебінен);

5.5.1.7. Жаратылыстану ғылымдары факультеті, «Экология және химия» кафедрасының х.ғ.к., доцент м.а. Қ.Т. Сарбаеваның дайындаған «Аналитикалық химиядағы есептеулер мен талдаулар» атты оқу құралы (автордың өз қаражаты есебінен).

5.5.2 Филология факультеті, «Орыс тілі және әдебиеті» кафедрасының п.ғ.к., доценті С.Д.Чакированың дайындаған «Сборник тестовых заданий по методике преподавания русской литературы» атты орыс тіліндегі тесттік тапсырмалар жинағы бекітілсін.

**Оқу-әдістемелік комитет хатшысы** **И.Б. Усембаева**

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
КӨШІРМЕ ДҰРЫС
Әдістемелік бөлім